

## Қазақстан Республикасының Соттары туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандығы № 2581 Заң күші бар Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 25.12.2000 № 132 Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының

Z933600\_

1-бабына сәйкес және Қазақстан

Республикасы Конституциясының ережелерін жүзеге асыру мақсатында осы Жарлықты шығарамын.

1-бап.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, облыстық, Алматы қалалық, қалалық, аудандық соттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери соттары Қазақстан Республикасының соттары болып табылады.

2-бап.

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Жоғарғы Соттың Төрағасынан, Жоғарғы Сот алқаларының төрағаларынан және Жоғарғы Соттың өзге де тұрақты судьяларынан тұрады.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының органдары мыналар:

- 1) Жоғарғы Соттың Пленумы;
- 2) Жоғарғы Соттың Төралқасы;
- 3) Жоғарғы Соттың алқалары.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының алқалары мыналар:

- 1) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 2) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 3) шаруашылық істер жөніндегі алқа;
- 4) әскери алқа.

3-бап.

1. Облыстық, Алматы қалалық соттары төрағадан, сот алқаларының төрағаларынан және өзге тұрақты судьялардан тұрады.

2. Облыстық, Алматы қалалық сотының органдары мыналар:

- 1) соттың төралқасы;

2) соттың алқалары.

3. Облыстық, Алматы қалалық соттарының алқалары мыналар:

- 1) азаматтық істер жөніндегі алқа;
- 2) қылмыстық істер жөніндегі алқа;
- 3) шаруашылық істер жөніндегі алқа.

4-бап.

Аудандық, қалалық соттар соттың төрағасынан және тұрақты судьялардан тұрады.

5-бап.

Осы Жарлық күшіне енген күні қолданылып келген Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының ұйымдастырылуы мен қызметінің мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Заң актілері Конституцияға және осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде одан әрі қолданыла береді.

6-бап.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы, Төралқасы, Төрағасы және шаруашылық істер жөніндегі алқасы, облыстық және Алматы қалалық соттарының төрағалары, осы соттардың шаруашылық істер жөніндегі алқалары Республикасының жаңа іс жүргізу заңдары қабылданғанға дейін Конституцияға, осы Жарлыққа қайшы келмейтін бөлігінде "Қазақстан Республикасының төрелік соты туралы" және "Қазақстан Республикасы төрелік соттарының шаруашылық дауларын шешу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады және тиісті сот сатыларының және Республиканың таратылған төрелік соттары лауазымды адамдарының функцияларын жүзеге асырады. Жоғарғы соттың шаруашылық істер жөніндегі алқаларының судьялары қабылдаған шешімдердің заңдылығы мен негізділігін бақылау Жоғарғы соттың шаруашылық істер жөніндегі алқасы үш судьясының құрамында алқалы түрде жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы

Президентінің 1995.11.14. N 2634 заң күші бар

Жарлығымен. U952634\_

7-бап.

Республика Жоғарғы Сотының Төрағасы уақытша орнында болмаған жағдайда Жоғарғы Сот Төрағасының міндетін оның уәкілдік беруімен Жоғарғы Сот алқасы төрағаларының бірі атқарады.

8-бап.

Республика Жоғарғы Соты алқасының Төрағасы:

- 1) Жоғарғы Соттың тиісті алқасына басшылықты жүзеге асырып, оның жұмысын ұйымдастырады;

2) қадағалау ретінде тексеру үшін, сондай-ақ сот практикасын зерделеу мен қорыту үшін істерді сұратып алдыртады;

3) тиісті алқаның жүргізуіне жататын істер бойынша Жоғарғы Соттың алқасына, Төралқасына немесе Пленумына қарсылық кіргізу туралы Жоғарғы Соттың Төрағасына ұсыныс енгізеді.

4) тиісті алқа мәжілістерінде төрағалық етеді;

5) сот статистикасын жүргізу, сот практикасын зерделеу,

Жоғарғы Сот Пленумының немесе Төралқасының қарауына материалдар дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) Жоғарғы Соттың Төралқасына Жоғарғы Соттың тиісті алқасының қызметі туралы есеп береді;

7) міндеттер бөлінісіне сәйкес Жоғарғы Сот аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына басшылықты жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүргізеді;

9) Республика Заң актілерімен өзіне берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап.

Осы Жарлық:

1) Республиканың сот жүйесі туралы конституциялық заң мен жаңа іс жүргізу зандары қабылданғанға дейін қолданылады;

2) жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. 7, 8, 9-баптар жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.11.14. N 2634 заң күші бар Жарлығымен.

U952634\_

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.